

кабілет белгілі жағдайда тапсырманың шешімін табу үшін қажетті білім мен тәжірибені шоғырландыруға мүмкіндік береді. Құзыреттіліктің көрінісі белгілі жағдайда әрекет ете алу біліктілігі болып табылады. Бақылауға болатын біліктілік арқылы адам бойында қалыптасқан құзыреттіліктің болуы туралы қорытынды жасауға болады. С.Е.Шишов және В.А.Кальнейге сәйкес құзыреттілікті білім мен жағдай арасындағы байланысты белгілеу мүмкіндігі ретінде, ал кең мағынада мәселенің шешімін табу үшін қолданылатын үдерісті (білім мен әрекет) анықтау қабілеті ретінде қарастыруға болады.

Дерек көздеріне талдау жасау арқылы біз «құзыреттілік» ұғымына келесі анықтамаларды беруге болады деген қорытындыға келеміз: болашақ маманның қандай да бір жұмысты орындауына мүмкіндік беретін білімі, біліктілігі, дағдысы мен тәжірибесінің жиынтығы (В.С.Леднев); қажетті тұлғалық қасиет (Б.Г.Ананьев); өмірлік және кәсіптік жағдайда туындайтын мәселелердің шешімін табу біліктілігі (Н.В. Кузьмина, А.А.Деркач); маманның кәсіби қызмет үшін маңызды кез келген сипаттамасы (А.К.Маркова); тәжірибелік әрекеттердің күрделі жүйесін меңгеру қабілеті (В.Н.Мясищев).

Осылайша, аталмыш көзқарас тұрғысынан «құзыреттілік» ұғымына маманның кәсіби қызметімен тікелей байланысты сипаттамалары, тұлғалық сипаттамалары және адамның басқа адамдармен өзара қатынасына қатысты сипаттамалары жатқызылады [3].

Құзыреттілікті анықтауда жүргізілген әр түрлі тәсілдерге талдау бірнеше қорытынды жасауға мүмкіндік берді: зерттеушілер құзыреттілік пен қызмет арасындағы тығыз өзара байланыстың бар екендігін атап көрсеткен. Құзыреттілік әрекеттен ажырамайды, сол себепті ол тек қызмет үдерісінде ғана көрініс табады; құзыреттілік тәжірибемен бірге келеді; көптеген зерттеушілер құзыреттілікті тұлғалық сипаттама ретінде қарастырады; зерттеушілер бұл ұғымды анықтауда да, Құзыреттілікке баса назар аудару қоғамдағы ғылыми-техникалық алға басудың артуына және осының салдары ретінде мамандарды дайындау талаптарының өзгеруіне байланысты болып отыр отыр. Л.Н. Богданович, П.И. Лобко, М.Г. Сачек және т.б. айтып кеткендей, маман әртүрлі тәсілдерді меңгеріп, ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін біліп, шағын ғылыми-зерттеушілік жұмыстарды өз бетінше орындай алуы керек. Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратады: түйінді құзыреттер; жалпыланған пәндік біліктіліктер; қолданбалы пәндік біліктіліктер; өмірлік дағдылар.

Бұл төрт бағыттың бәрі бізде үшін өте қажет. Бұлардың әрқайсысын орындау мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің құзыреттіліктерін, олардың жұмысқа дайындығын арттыруға септігін тигізетін болады.

#### Әдебиеттер:

1. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. - СПб.: Питер, 2012. - 288 с.
2. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. –
3. Казань, Центр инновационных технологий, 2010. - 608 с.
4. Введенский В.Н. Компетентность педагога как важное условие его
5. профессиональной деятельности // Инновации в образовании. - 2019. - №4.

#### Сведения об авторе (авторах):

**Р.Б. Маженова, М.Б. Бейбітқан** - Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

УДК 846  
ББК 78,1

### БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Р.Б. Маженова<sup>1</sup>, Ә.А. Есмагулова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

*Білім беру жүйесінде педагог-психологтарды дайындау процесі үнемі даму үстінде. Осыған орай, білім беру стратегиясы да өзгеруде. Қазіргі жоғары оқу орындарында педагог-психологтарды дайындау стратегиясы құзыреттілік тәсілдің басымдылығына және студентке орталықтандырылған оқытуға (студентоцентрированное обучение) негізделіп, кәсіби қызмет*

ерекишеліктерін ескеруді талап етеді, себебі педагог-психологтарды дайындау күрделі, әрі көпқырлы процесс. Мақалада 6В01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби қызметте ең қажетті және жеткілікті деген құзыреттіліктері анықталып, оларға сипаттама берілді. Болон процесінің талаптарына сәйкес, педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда студентке орталықтандырылған оқыту тәсілдерін іске асыру, яғни, студенттің өздігімен білім алу, өз оқу траекториясын таңдау дағдыларын дамытып, студенттің оқу процесі үшін жауапкершілігін арттыру бүгінгі күнгі аса өзекті мәселелердің бірі.

**Түйін сөздер:** педагог-психологтарды дайындау, құзыреттілік тәсіл, білім беру стратегиясы, студентке орталықтандырылған оқыту, педагогикалық құзыреттілік, зерттеушілік құзыреттілік.

## ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

**Р.Б. Маженова<sup>1</sup>, Ә.А. Есмагулова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, (Караганда, Казахстан)

*Процесс подготовки педагогов-психологов в системе образования постоянно развивается. В связи с этим меняется и образовательная стратегия. Стратегия современной подготовки педагогов-психологов в вузе требует учета особенностей профессиональной деятельности, основанной на приоритете компетентностного подхода и студентоцентрированного обучения студента. В настоящее время подготовка педагога-психолога в вузе – сложный и многогранный процесс. В статье были выявлены, охарактеризованы наиболее необходимые и достаточные в профессиональной деятельности компетенции бакалавра по образовательной программе «6В01101 – «Педагогика и психология». В соответствии с требованиями Болонского процесса, одной из актуальных задач на сегодняшний день является формирование профессиональных компетенций с помощью реализации подходов студентоцентрированного обучения, то есть развитие у студента навыков самостоятельного обучения, выбора своей учебной траектории, повышение ответственности за учебный процесс.*

**Ключевые слова:** подготовка педагогов-психологов в вузе, компетентностный подход, образовательная стратегия, студентоцентрированное обучение, педагогическая компетенция, исследовательская компетенция.

## FORMATION OF COMMUNICATIVE COMPETENCIES OF FUTURE TEACHERS

**R.B. Mazhenova<sup>1</sup>, A.A. Yesmagulova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Republic of Kazakhstan

*The process of training teachers-psychologists in the education system is constantly evolving. In this regard, the educational strategy is also changing. The strategy of modern training of teachers-psychologists at the university requires taking into account the peculiarities of professional activity based on the priority of the competence approach and student-centered student learning. Currently, the training of a teacher-psychologist at a university is a complex and multifaceted process.*

*The article identifies and characterizes the most necessary and sufficient professional competencies of a bachelor in the educational program "6B01101 – "Pedagogy and Psychology". In accordance with the requirements of the Bologna Process, one of the urgent tasks today is the formation of professional competencies through the implementation of student-centered learning approaches, that is, the development of student's self-study skills, the choice of their learning trajectory, increasing responsibility for the learning process.*

**Keywords:** training of teachers-psychologists at the university, competence approach, educational strategy, student-centered learning, pedagogical competence, research competence.

Заманауи сапа стандарттарын, үздіксіз білім берудің көпдеңгейлі үлгісін, ғылыми зерттеулерді іске асыру, ғылыми, педагогикалық, кәсіби-тәжірибелік қызметті жүзеге асыру үшін іргелі білімі, инновациялық тәсілдері, зерттеушілік іскерлігі бар жаңа формациядағы бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау арқылы көпсалалы классикалық білім саласындағы аймақтық көшбасшылықты сақтап қалу болып табылады [1].

Кәсіптік білім беруді көздейтін жоғары оқу орындарының басты миссиясы – бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, кәсіби құзыретті мамандарды дайындау болып табылады. Еліміздің «Білім

туралы» Заңына және әлемдік тәжірибеге негізделі отырып дайындалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында жоғары оқу орны бітірушісінің негізгі құзыреттілігіне: жалпы білімділік, әлеуметтік-этикалық құзыреттер, экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттері, кәсіби құзыреттер т.б. жатады деп айтылған. Педагогикалық процестің оқытушылар мен білім алушылар арасындағы байланысқа негізделуі кәсіби-коммуникативті құзыреттілігінің болуын талап етеді. Кәсіби-коммуникативті құзыреттілік педагогтың білім алушылармен және педагогикалық ұжыммен кәсіби қарым-қатынасын орната білуін көздейді [2].

Қазіргі жоғары технологиялар ғасырында оқыту процесінде ақпараттық технологияларды пайдалану заңдылық. Осыған орай, педагогтың келесі құзыреттілігі – медиа-коммуникативті құзыреттілігінің өзектілігі жылдан-жылға артуды. Бұл құзыреттілік педагогтың оқыту процесін жеңілдетіп, тиімділігін арттыру мақсатында медиа құралдарды, компьютерлік бағдарламаларды, инновациялық технологияларды пайдалануын көздейді. Педагогтың медиа-коммуникативті құзыреттілігі қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында ерекше маңызға ие болып отыр. Педагогикалық қызметпен айналысу үшін педагогтың әдіснамалық-әдістемелік құзыреттілігінің болуы маңызды. Педагог білім алушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу процесін толыққанды ұйымдастыра алуы үшін пәннің әдістемесі мен әдіснамасын меңгеруі керек.

«БВ01101 – «Педагогика и психология» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметпен айналысуы үшін оқу процесінде оның келесі құзыреттіліктерін қалыптастыру қажет, атап айтқанда, ұйымдастырушылық құзыреттілік; коммуникативті құзыреттілігі және т.б. Студенттің болашақта ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметті атқара алуы үшін оқу барысында оның ұйымдастырушылық құзыреттілігін қалыптастыру керек. Бұл құзыреттілік бүгінгі нарықтық экономикада ерекше маңызға ие. Педагогтың ұйымдастырушылық құзыреттілігі оның менеджмент негіздерін, ұйымдастыру, жүзеге асыру міндеттерін атқара алуымен сипатталады.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет ұйымдастырушыдан әлеуметтік ортада байланыс орната білуді, яғни коммуникативті құзыреттілікті талап етеді. Бұл құзыреттілік ұйымдастырушының күрделі коммуникативтік дағдылар мен қабілеттерге ие болуымен, қарым-қатынастағы мәдени нормалар мен шектеулерді, қарым-қатынас саласындағы әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді білуімен, әдептілікті сақтау, тәрбиелік, ұлттық менталитетке тән және мамандық аясындағы коммуникативті құралдарды игеруімен сипатталады [3]. Ұйымдастырушылық қызмет педагогикада оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру құзыреттілігінен көрініс табады. Ұйымдастырушының бұл құзыреттілігі оның оқу процесін ұйымдастыра білуімен, әкімшілік қызметтің негіздерін меңгеріп, білім беру мекемелерінде басқару қызметін жүзеге асыра алуымен сипатталады.

Оқыту процесінде студенттерді ғылыми дәлелденген біліммен қаруландыру аса маңызды болып табылады. ЖОО-дағы студент болашақта ғылыми-зерттеу қызметін сапалы атқаруы үшін оқу барысында келесі құзыреттіліктерді игеруі керек: ізденушілік құзыреттілік; зерттеу құзыреттілігі; ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік және т.б. Зерттеушінің ғылыммен айналысуы үшін оның ізденушілік құзыреттілігі болуы керек. Бұл құзыреттілік оның жаңа білімдерді игеруге құштарлығы мен ғылыми әдебиеттерге қызығушылығының болуымен, ғылымдағы мәселелерді анықтап, олардың шешімін ұсына білуімен, ғылыми болжамдар жасап, оларды дәлелдей алуымен сипатталады [4].

Көп жағдайда зерттеуші ғылыми-зерттеушілік қызмет пен педагогикалық қызметті қатар атқаратындығын практикадан байқаймыз. Педагог практикалық міндеттерді орындап, оқу процесінің заңдылықтарын зерттеп, оның мақсаты, мазмұны мен әдістерін әзірлеумен айналысады. Зерттеушінің оқу процесін зерттеу құзыреттілігі оның оқыту процесінің заңдылықтарын, әдіснамалық негіздерін біліп, оны жетілдірудің жолдарын анықтау қабілетімен сипатталады.

ЖОО-ның студентті болашақта ғылыми-зерттеу қызметін атқаруында ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігінің маңыздылығы ғылыми зерттеу материалдарын жинақтау барысында сыни көзқарасты ұстанумен, яғни, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалануда сенімді ақпарат көзіне жүгініп, мәліметтерді іріктеп, салыстырып, тексеріп, оны ғылыми зерттеуде пайдалана білумен сипатталады. Заманауи зерттеуші ғылыми-зерттеу қызметі барысында түрлі ақпарат құралдарын, ақпарат көздерін қолдана білуі маңызды. Қазіргі жаһандану заманында ғылыми жаңалықтардан хабардар болып, әлемдік ғылыми ашылымдарды біліп, оларды практикада қолдану, өзінің ғылыми-зерттеу нәтижесімен ғылыми ортада бөлісу аса өзекті [5].

Қазіргі оқу процесі үнемі дамытуды, жетілдіруді, жаңа әдіс-амалдарды, тәсілдерді қолдануды көздейді. «БВ01101 – «Педагогика и психология» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың болашақта кәсіби қызметін нәтижелі атқаруы үшін оқу процесінде құзыреттілік тәсіл мен студентке орталықтандырылған оқыту тәсілдерін қолданудың өзектілігі артуда. Студенттерді дайындау

процесінің теориялық және практикалық негіздерін зерттей келе, құзыреттілік тәсіл білім беру процесінің негізі ретінде оқу барысында кәсіби білімдер мен дағдыларды қалыптастыруын қамтамасыз етеді деген тұжырымға келеміз.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана. 27.07.2007 N319-III.
2. Қазақстан Республикасының білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. 31.10.2018 ж., №604 бұйрығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V18000176692>
3. Сүлейменова Ж.Т. Студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. // Доклады Казахской академии образования. 2016. -№2. - С. 155-161.
4. Рахметова Н., Сандибаева Ж., Калабаева Д. Педагогические условия формирования компетентности будущих педагогов профессионального образования // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. –2016.–№4-5.–С.987-990.
4. Абсатова М.А., Қожан А. Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігінің құрылымы //Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», –№1(53), 2017. – С.137-138.
5. Щербакowa Т.Н. Мотивация развития психологической компетентности педагога // Гуманитарные и социально-экономические науки. 2004. №3. С.152-158.
6. Сардарова Ж.И., Жұмашева Н.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың өзекті мәселелері //Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», – № 2 (62), 2019. – С. 96-99.

#### Сведения об авторе (авторах):

**Р.Б. Маженова, Ә.А. Есмағұлова** Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

УДК 159.947.5

ББК 88.6, 74.2

**А.Н. Санхаева, М.Б. Әбілтаева**

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)*

#### ЖАСӨСПІРІМДІК ШАҚТАҒЫ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

*Бұл мақалада авторлар жасөспірімдердің оқу мотивациясын дамыту қажеттілігі туралы мәселені көтереді. Бұл мәселені зерттеу қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтпайды. Авторлар мотивацияның анықтамаларын, оқу мотивациясына әсер ететін оқушылардың даму деңгейлерін қарастырады. Мақалада жасөспірімдердің оқу мотивациясына әсер ететін психологиялық ерекшеліктері талданады. Авторлар жасөспірім жаста оқу мотивациясына назар аудару қажет екенін атап өтіп, оны арттыру үшін психологиялық тренингтерді қолдануды ұсынады.*

**Түйін сөздер:** *мотивация, оқу мотивациясы, жасөспірімдер, оқу іс-әрекеті, тренинг.*

**А.Н. Санхаева, М.Б. Әбілтаева**

*Қарағандық университет им. Е.А. Букетова (Қарағанда, Қазақстан, (Қарағанда, Қазақстан)*

#### РОЛЬ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ В ПОДРОСТКОВОМ ВОЗРАСТЕ

*В данной статье авторы поднимают вопрос о необходимости развития учебной мотивации подростков. Изучение данной проблемы не теряет своей актуальности и в современный период. Авторы рассматривают определения мотивации, уровни развития учащихся, влияющие на учебную мотивацию. В статье анализируются психологические особенности подростков, которые также оказывают влияние на учебную мотивацию. Авторами отмечается, что необходимо уделять внимание учебной мотивации в подростковом возрасте и рекомендуют использовать психологический тренинг для ее повышения.*

**Ключевые слова:** *мотивация, учебная мотивация, подростки, учебная деятельность, тренинг.*